

- **Жас ғалымдар кеңесінің қызметі**

1. Университетте ғылыми конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, шығармашылық есептер өткізуге қатысады.
2. Білім алушылар қатарынан болашақ ғалымдарды дайындауға үлес қосады, аталған мақсатта түрлі іс-шаралар, байқаулар, олимпиадалар, белгілі ғалымдармен кездесу өткізеді.
3. Жас ғалымдарды, зерттеуші-тағлымдамашыларды университет дәстүрлерімен, жұмыстың негізгі бағыттарымен, оларды дамыту перспективасымен таныстырады.
4. Жас оқытушыларға, зерттеуші-тағлымдамашыларға ғылыми бағыттарды анықтауда, мақалалар жариялауда көмек береді.
5. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын жандандырып, білім алушының ғылыми конференциялар мен олардың шығармашылық жұмыстарының көрмесін ұйымдастыруға атсалысады.
6. Жас ғалымдар мен мамандарды қоғамдық, шығармашылық бірлестіктерге тартады. Жас ғалымдардың гранттарға, түрлі бағдарламаларға қатысуын ұйымдастырып, шет елдік ғылыми орталықтармен, қорлармен байланыс орнатады.
7. Жас ғалымдар мен мамандардың бос уақытын жастар клубын құру арқылы тиімді ұйымдастырады.
8. Жас ғалымдар мен мамандарға мемлекеттік сыйлықтар конкурсы мен дарынды жас ғалымдарға арналған ғылыми стипендиялар үшін байқауларға қатысуға көмектеседі.
9. Университетте жас ғалымдар мен мамандардың шығармашылық ізденісі, өзара талапшылдығы мен жауапкершілігі атмосферасының орнауына ықпал етеді. Өз университеті жетістіктерін насихаттауға белсене атсалысады (семинарлар ұйымдастыру, баспасөзде, телеарналарда жариялану)